

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 71 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 37 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.01.29 № 37 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 7.1.14-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар жыл сайын 20 қаңтарға дейін Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жыл сайын 20 ақпанға Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының

мемлекеттік статистикасын жетілдірудің

2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Қазіргі жағдайды талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
- Параграф 1. Статистикалық жүйені үйлестірудің қазіргі заманғы деңгейіне көшу
- Параграф 2. Халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында статистика әдіснамалары мен әдістемелерін әзірлеу және е н г і з у
- Параграф 3. Мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту үшін статистикалық ақпаратқа талдау жасауды ұйымдастыруға және талдау жүргізуге жүйелік тәсіл енгізу
- Параграф 4. Деректерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін "Мемлекеттік статистика" бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйе құру
- Параграф 5. БҰҰ-ның ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес техникалық көмек алудан белсенді халықаралық ынтымақтастыққа көшу
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы (7.1.14-тармақ)
Әзірлеуші агенттігі	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Бағдарламаның мақсаты	Еуропалық Одақта қабылданған халықаралық стандарттарды кешенді енгізу жолымен статистикалық ақпараттың сапасын арттыру
Бағдарламаның міндеттері	Статистикалық қызметтің барлық аспектілері бойынша сапаны басқару жүйелерін сатылап

енгізу және барабар ұйымдастырушылық негіз құру негізінде статистикалық жүйені үйлестірудің қазіргі заманғы деңгейіне

көшу

Халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында статистика әдіснамалары мен әдістемелерін

әзірлеу және енгізу

Мемлекеттік және салалық бағдарламаларды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту үшін статистикалық ақпаратқа талдау жасауды ұйымдастыруға және талдау жүргізуге жүйелік

тәсіл енгізу

Деректерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін "Мемлекеттік статистика" бірыңғай статистикалық

ақпараттық жүйе құру

БҰҰ-ның ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес техникалық көмек алудан белсенді халықаралық

ынтымақтастыққа көшу

Бағдарламаны іске асыру 2006 - 2008 жылдар мерзімі

Қаржыландыру көлемі 2006 жыл - 52,4 млн. теңге
мен көздері 2007 жыл - 52,4 млн. теңге

2008 жыл - 211,2 млн. теңге

Көрсетілген мақсаттарға жыл сайын бөлінетін қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған басқа да көздер шегінде республикалық бюджет қаражаты есебінен

Бұл ретте республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі тиісті жылдың бюджетін қалыптастыру және нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен жыл сайын нақтыланып

отырады

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде: 2006 жылы кәсіпорындарға түсетін

нәтижелер

- статистикалық жүктеме мониторингі енгізіледі;
- 2006 - 2008 жылдары барлық енгізілетін халықаралық стандарттар жөнінде әдіснамалық және әдістемелік база құру мақсатында 16 тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі;
- 2006 - 2008 жылдары 14 статистикалық модуль, соның ішінде өндірістің бәсекеге қабілетті көрсеткіштерінің модулі бойынша жаңа статистикалық көрсеткіштер өндірісі енгізіледі;
- 2006 - 2008 жылдары дамытудың мемлекеттік және салалық ұзақ мерзімді бағдарламаларын ақпараттық қолдауға арналған 21 талдау есебі әзірленеді;
- 2006 - 2008 жылдары "Статистика 7" және "Статистика 8" достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу (ТАСИС) жобалары, сондай-ақ статистика саласында 8 екіжақты шарттар бойынша іс-шаралар іске асырылады;
- 2007 - 2008 жылдары статистикадағы екі өндірістік процеске арналған сапа мониторингі жүйелері енгізіледі;
- 2007 - 2008 жылдары "Мемлекеттік статистика" бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру үшін негіз жасайтын 5 ақпараттық жүйе енгізіледі;
- 2007 - 2008 жылдары екі халықаралық семинар өткізіледі;
- 2008 жылы сыныптаманың жаңа халықаралық жүйесіне сәйкес мемлекеттік статистикалық сыныптамалар жүйесі әзірленеді;
- 2008 жылға қарай респонденттерге түсетін жүктемені азайтуды қамтамасыз ететін статистикалық деректерді жинаудың жаңа әдіснамасына көшу аяқталады.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен.

2. Кіріспе

Бағдарламаны әзірлеудің негізі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 7.1.14-тармағы болып табылады.

Экономиканың ғаламдануы және дүниежүзілік қоғамдастық елдерінің бірігуі ресми статистикаға өспелі әсер етеді. Статистиканың міндеттері енді қажеттілікті ұлттық деңгейде қанағаттандырумен шектелмейді. Барлық статистикалық деректер халықаралық деңгейде салыстырылуы тиіс. Осы талапқа жауап беретін статистикалық жүйелер экономиканы басқарудың және мемлекеттерді әлеуметтік дамытудың қажетті шарты болады.

Статистика саласындағы ұлттық практиканы үйлестіру мақсатында соңғы 15 жылда статистикалық қызметтің барлық негізгі аспектілері мен салалары бойынша халықаралық стандарттар мен ұсынымдар қабылданды. БҰҰ-ның статистикалық комиссиясы қабылдаған ресми статистиканың негіз қалаушы қағидаттары, Халықаралық Валюта Қоры әзірлеген және қабылдаған деректерді таратудың арнайы стандарты, халықаралық статистикалық сыныптамалар жүйесі мен басқалар аса маңызды стандарттар болып табылады.

Еуропалық Одақта статистика саласындағы заңнама мен регламент қабылданды. Заңнама мүше-елдердің пайдалануы үшін міндетті стандарттарды анықтайды, ал регламент - статистикалық есепті ұйымдастыру мен әдіснамасы жөнінде ресми бекітілген құжаттардың аса кең жиынтығы. Бұл нормативтік құжаттардың халықаралық мәртебесі бар, себебі олар БҰҰ-ның стандарттарымен үйлестірілген және Еуропалық Одақтан тыс кеңінен пайдаланылады.

Заңнама мен регламентті пайдалану ұлттық статистикалық жүйелердің дамуын бағалаудың айқындаушы өлшемі болып табылады. 2003 жылы Еуростат Қазақстанның статистикалық жүйесінің көрсетілген құжаттарға сәйкестігіне ғаламдық бағалау жүргізді. Ғаламдық бағалау нәтижелері осы Мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу кезінде пайдаланылды.

Осы орташа мерзімді Бағдарламаның мәні оның іске асырылуы мемлекеттік статистиканың беделін халықаралық деңгейге көтеруінде ғана емес. Статистикалық стандарттар өзіне көптеген елдердің ғасырлық тәжірибесін шоғырландырады және ұлттық статистикалық жүйелерді ғылыми әдіснама, тиімді ұйымдастырушылық құрылым және демократиялық құқықтық негіз базасында дамытуға мүмкіндік береді.

3. Қазіргі жағдайды талдау

Мемлекеттік статистиканы 2006 жылға дейін реформалау ақпаратқа деген мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын және БҰҰ-ның статистикалық комиссиясы қабылдаған ресми статистиканың негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес келетін тәуелсіз мемлекеттің ұлттық статистикалық жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Алдыңғы үш бағдарламаны іске асыру барысында осы міндет негізінен орындалды. Мемлекеттік статистика қазіргі заманғы статистикалық жүйелердің мынадай міндетті атрибуттарының барлығына ие: заңнама; нарықтық экономикасы бар елдерге тән статистика салалары; техникалық жарактанудың жеткілікті деңгейі; қазіргі заманғы технологияларды кеңінен қолдану.

Статистиканы дамытудағы ең маңызды оқиғалар "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы, ұлттық есеп жүргізу жүйесін (ҰЕЖ 1993) енгізу, төлем теңгерімі, сыртқы сауда статистикасын, баға статистикасын құру, статистикалық сыныптамалардың халықаралық жүйесіне көшу, Мемлекеттік статистикалық тіркелім жасау және басқалар болды.

Мемлекеттік статистиканы жылдам және табысты реформалау едәуір дәрежеде халықаралық стандарттар енгізу шеңберінде статистикалық қызметтің барлық жаңа бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықтың жүзеге асырылуына байланыстылығымен түсіндіріледі. Ұлттық есеп жүргізу ҰЕЖ 1993 (БҰҰ) стандартына сәйкес қалыптасты, мемлекеттік сыныптамалар (ЭҚЖС, ЭҚТӨС және СЭҚ ТН) еуропалық ұқсастығымен үйлестірілген. Төлем теңгерімінің жиынтық көрсеткіштерін өндіруді Халықаралық валюта қорының "Төлем теңгерімінің басшылығында" көрсетілген халықаралық ұсынымдар негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізеді. Қазіргі кезде, сондай-ақ статистикада Халықаралық еңбек ұйымының, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың статистикалық стандарттары да пайдаланылады.

Статистиканы реформалауда маңызды орынды ақпараттық технологиялар алады, оларсыз жаңа стандарттарды енгізуді қамтамасыз ету де, статистикалық жүйенің қарапайым жұмыс істеуі де мүмкін емес. Қол жеткізілген деңгей жергілікті жүйелерді, электрондық почтаны, "клиент-сервер" жұмыс режимін және басқаларды республикалық және өңірлік деңгейлерде кеңінен пайдаланумен сипатталады. Сыртқы пайдаланушылар үшін рұқсат режимі бар статистикалық жарияланымдар мен жиынтық көрсеткіштердің (1991 жылдан бергі кезеңдегі) электрондық базалары құрылған.

Тұтастай алғанда реформалар жылдары ішінде мемлекеттік статистиканың түрлі статистикалық ақпараттың үлкен көлемін өндіруге бағытталған жаңа

жүйесі құрылды. Өндірілетін статистикалық көрсеткіштердің тізбесі негізінен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Алайда статистикалық деректердің сапасына деген талаптардың қазіргі деңгейі өте жоғары. Сапа тұжырымдамасы статистикада уақытылығымен және деректерді қамтумен шектелмейді. Ақпараттың ролі үздіксіз арта түсуде. Пайдаланушылардың қажеттіліктерін статистикалық жинақтармен немесе шығарылған өнімнің көлемі туралы ақпарлармен қанағаттандыру мүмкін емес. Статистикалық деректер күрделі эконометрикалық модельдерде, ғылыми зерттеулерде, маңызды сыртқы саяси мәселелерді болжауда және шешуде өте жиі пайдаланылады. Статистикалық деректер сапасының маңызды құрамдас бөліктері - пайдаланушылар үшін салыстырымдылығы мен ашықтығы.

Статистикалық деректердің салыстырымдылық проблемасы халықаралық және ұлттық деңгейлердегі салыстырымдылықты қамтиды. Статистиканың әртүрлі салаларының деректері ұлттық деңгейде салыстырылуы мүмкін, бірақ халықаралық деңгейде салыстырылмайды. Керісінше, халықаралық деңгейде салыстырылатын барлық көрсеткіштер өзара және ұлттық деңгейде салыстырылымды болып табылады. Бұл деректерді экономикалық талдау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге, сондай-ақ экономиканың және оның жекелеген салаларының бәсекеге қабілеттілігінің әртүрлі біріктірілген көрсеткіштерін өндіруге мүмкіндік беретін маңызды жағдай.

Статистикалық деректердің салыстырымдылығының қол жеткізілген деңгейі пайдаланушылардың талаптарына әр кез жауап бермейді. Қалыптасқан жағдай едәуір дәрежеде халықаралық стандарттармен қатар статистикада ескірген тұжырымдамалардың және әдіснаманың әлі де кеңінен қолданылуымен түсіндіріледі. Статистикалық деректерді жинаудың қолданыстағы әдіснамасы жоспарлы экономика кезеңінде қалыптасқан және жаппай зерттеу әдісіне негізделген. Рынок жағдайларында кәсіпорындар санының өсуіне қарай осы тәсілдің тиімділігі төмендейді. Зерттеулер жүргізуге жұмсалған шығындардың өсуі кезінде есеп берген кәсіпорындар үлесінің және олар табыс еткен деректер сапасының төмендеуі байқалады. Қаржылық, еңбек және өндірістік көрсеткіштер салыстырымдылығының жеткіліксіздігіне байланысты біріктірілген талдау көрсеткіштерін алу үшін оларды салыстыру қиын. Қосымша зерттеулерге қажеттілік туындайды. Бұл ретте, кәсіпкерлерге түсетін жүктеме проблемасы ш и е л е н і с е т ү с е д і .

Санамаланған проблемаларды шешудің оң тәжірибесі Шығыс Еуропа елдерінде бар, олар да сондай-ақ Қазақстан сияқты жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға реформалау жолынан өтті. Еуропалық Одаққа кіруге дайындық шеңберінде бұл елдер негіз қалаушы сипаттамалар бойынша өздерінің ресми статистика жүйелерінің дамыған елдердің жүйелерімен

салыстырымдылығын қамтамасыз етулері тиіс еді. Бұл салыстырымдылықты бағалау үшін стандарттар мен ұсынымдардың жиынтығы әзірленген, оны сақтау Еуропалық Одаққа мүшелік үшін қолайлы деңгейге қол жеткізуді білдіреді. Стандарттар мен ұсынымдардың осы жиынтығы осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде негіз ретінде пайдаланылды.

Бағдарлама статистикалық жұмыстар жоспарын орындауға, кадрлар даярлауға, жарияланымдар шығаруға және басқаға байланысты ағымдағы статистикалық қызметті қамтымайды. Бағдарламаның айқын көрсетілген мақсатты сипаты бар және ол ресми статистиканың барлық шешуші бағыттары бойынша халықаралық ұсынымдар мен стандарттар кешенін енгізуге бағытталған. Кешенді көзқарас сондай-ақ, енгізілетін әрбір стандарт (ұсыным) бойынша енгізуді қамтамасыз ететін іс-шаралардың толық жиынының анықталғандығымен де білдіріледі.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - Еуропалық Одақта қабылданған халықаралық стандарттарды кешенді енгізу жолымен статистикалық ақпараттың сапасын арттыру болып табылады.

Мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешумен қамтамасыз етілетін болады: статистикалық жүйені статистикалық қызметтің барлық аспектілері бойынша сапаны басқару жүйелерін сатылап енгізу негізінде үйлестірудің қазіргі заманғы деңгейіне көшу және барабар ұйымдастырушылық негіз құру;

халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында статистиканың әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу және енгізу;

мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту үшін статистикалық ақпаратқа талдау жасауды ұйымдастыруға және талдау жүргізуге жүйелі тәсіл енгізу;

деректерді жинау, өңдеу сақтау, және тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін "Мемлекеттік статистика" бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйе құру;

БҰҰ-ның ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес техникалық көмек алудан белсенді халықаралық ынтымақтастыққа көшу.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламада халықаралық стандарттарды енгізу үшін Бағдарламаның міндеттеріне сәйкес келетін өзара байланысты бес бағыт бойынша жұмыстар кешенін жүргізу көзделеді. Жұмыстардың әрбір бағытына айқын және нақты іс-шаралар кіреді, олар бойынша іске асырудың барлық негізгі кезеңінде бақылау

ж ү р г і з у

к ө з д е л г е н .

Үйлестіруді жақсарту. Мыналар: статистиканың уәкілетті органының ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер; сапа мониторингі жүйесін екі өндірістік процеске енгізу жоспарланып отыр. Жұмыстарды орындау заңнамалық кесімдермен және нормативтік құжаттармен расталатын болады.

Әдіснаманы әзірлеу. Ғылыми зерттеулер жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Зерттеу тақырыптарының көкейкестілігін қамтамасыз ету үшін олардың тізбесі қорытылған түрде ұсынылады және салалық сараптама нәтижелері бойынша жыл сайын нақтылануға жатады. Зерттеулердің орындалуын бақылау белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі. Орындалған ғылыми есептер Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сайтында орналастырылады.

Талдау жүргізу. Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін мемлекеттік тапсырыс шеңберінде талдау есептерін дайындау кіреді. Талдау есептерінің тізбесі салалық сараптауға жатпайды. Ол жыл сайын мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі және нақтыланып отырады.

Ақпараттық жобаларды енгізу. Белгіленген тәртіппен үш уәкілетті орган тарапынан бақылауды қамтиды (бюджет, ақпараттық технологиялар бойынша ж ә н е т а п с ы р ы с б е р у ш і) .

Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ұйымдармен жобалар шеңберінде, соның ішінде достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу (ТАСИС) жобалары бойынша жоспарланып отыр. Барлық жобалар бойынша іске асыру процестерін үшжақты (тапсырыс беруші, кеңесші және халықаралық ұйым тарапынан) бақылау көзделген. Бұдан басқа, Қазақстанда екі халықаралық семинар өткізу, сондай-ақ халықаралық жұмыс топтарына, семинарларға, жоғары деңгейлі кездесулерге қатысу көзделеді. Іс-шаралар саны ынтымақтастық туралы жасалған халықаралық шарттар санын ескере отырып анықталған.

Енгізілетін әрбір стандарт бойынша жұмыстардың бір немесе бірнеше бағыттары бойынша қажетті іс-шаралардың тізбесі анықталған. Жұмыстардың әртүрлі бағыттары бойынша, бірақ бір стандартты енгізуге бағытталған іс-шаралар оларды өткізу кезеңдері мен мерзімдері бойынша өзара келісілген. Бұл әрбір стандартты енгізуге кешенді көзқарасты қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қойылған мақсаттар мен міндеттерге жетудің тиімділігін арттырады.

Параграф 1. Статистикалық жүйені үйлестірудің қазіргі заманғы деңгейіне көшу

Ресми статистиканың негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес үйлестіру қазіргі заманғы статистикалық жүйелердің ажырамас бөлігі болып табылады. Үйлестіру бойынша статистикада статистикалық қызметтің қолданылатын әдіснамасынан ұлттық статистиканың және заңнаманың ұйымдастырушылық құрылымына дейінгі көптеген аспектілерін қамтитын стандарттар мен бірқатар ұсынымдар бар .

Бағдарламамен үйлестіру деңгейін көтеру жөніндегі іс-шаралар кешені к ө з д е л е д і .

Статистикада сапаны басқарудың қазіргі заманғы жүйелерін енгізу мақсатында жүйелі жұмыстар басталады. Бірінші кезеңде мынадай екі процеске: статистикалық байқауларды ұйымдастыруға және Мемлекеттік статистикалық тіркелімді енгізуге арналған сапа мониторингі енгізіледі. Жұмыстарды тиісті деңгейде орындау үшін сапа жүйелерін әзірлеу жөніндегі қызметтерге және сертификаттау бойынша қызметтерге мамандандырылатын фирмаларды тарту т а л а п е т і л е д і .

Уәкілетті органның ұйымдастырушылық құрылымы жаңа міндеттерге сәйкес келтірілетін болады. Стандарттарды енгізу статистикалық жұмыстардың күрделілігін арттырады. Менеджмент, маркетинг, ақпараттық технологияларды дамыту, әдіснама және талдау бойынша функциялар кеңейеде. Атап айтқанда, жүйелі негізде кәсіпорындарға жүктеменің мониторингі өткізілетін болады. Қазіргі кезде мемлекеттік статистика саласында санамаланған функцияларды қызметшілердің небәрі 2,4% атқарады. Қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін уәкілетті органның штаты аумақтық бөлімшелер есебінен ұлғайтылады.

Параграф 2. Халықаралық ұсынымдар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында статистика әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу және енгізу

Ұлттық статистикалық жүйелер өзара едәуір ерекшеленеді және әрбір жүйеде бір мақсатқа жетудің әртүрлі жолдары пайдаланылуы мүмкін. Осы жағдайларды есепке ала отырып, халықаралық стандарттар жалпы қағидаттар мен ережелерді немесе талаптардың ең аз жиынтығын анықтайды. Стандарттар статистиканың жекелеген салалары бойынша көрсеткіштер тізбесіне және оларды өндіру кезеңділігіне қойылатын талаптарды анықтайды. Бірақ стандарттар оларды ұлттық деңгейде енгізу мен келісілу жолдарын анықтамайды. Осыған байланысты еуропалық елдер тәжірибесі бойынша стандарттарды енгізу кезеңі бір жылдан он жылға дейін құрайды.

Стандарттарды енгізу және оларды ұлттық деңгейде бейімдеудің анағұрлым тиімді жолдарын анықтау кезеңін қысқарту мақсатында енгізілетін барлық

стандарттар бойынша Бағдарлама шеңберінде қажетті ғылыми зерттеулер жүргізу көзделген. Зерттеу нәтижелері нақты әдіснамалық әзірлемелер түрінде ұ с ы н ы л а т ы н б о л а д ы .

Атап айтқанда, БҰҰ мен Еуростаттың статистикалық комиссиясы әлемде қолданылатын сыныптамалар жүйесі негізінде статистикалық сыныптамалардың жаңа бірыңғай жүйесін құруды жоспарлап отыр. Бұл қолданыстағы мемлекеттік сыныптамаларға қағидатты өзгерістер енгізуді талап етеді. Осыған байланысты Бағдарламада қызмет және өнім түрлерінің жаңа мемлекеттік сыныптамаларын, сондай-ақ оларға сәйкес келетін номенклатура әзірлеу көзделген.

Статистиканың бірқатар мынадай жаңа салалары енгізілетін болады: мүгедектер туралы, орташа тап, білім барлығы үшін, электрондық сауда, ақпараттық қоғам, инновациялық қызмет туралы және тағы басқалары.

Статистикалық деректердің сапасын арттыруға олардың салыстырымдылығын арттыру жолымен бағытталған әдіснамалық әзірлемелер құрылымдық және қысқа мерзімді статистика жөніндегі стандарттар шеңберінде орындалады. Бұл статистикалық деректерді институционалдық тәсіл негізінде жинаудың жаңа әдіснамасына көшуге мүмкіндік береді, бұл қолданылатын салалық тәсілге қарағанда қазіргі заманғы және аса тиімді тәсіл. Институционалдық тәсіл сондай-ақ экономика салаларының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштерді әзірлеуді бастауға мүмкіндік береді.

Параграф 3. Мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту үшін статистикалық ақпаратқа талдау жасауды ұйымдастыруға және талдау жүргізуге жүйелік тәсіл енгізу

Бағдарламамен әзірленетін көрсеткіштердің санын едәуір өсіру және олардың сапасын арттыру көзделеді. Тиісінше, көптеген және сан алуан статистикалық деректерді дұрыс пайдалану проблемасының көкейтестілігі артады. Пайдаланушыларға статистика өндіретін көрсеткіштердің көптүрлілігінен бағдар алу қиынға түсуде. Жаңа статистикалық өнімдер өндірісін игеруге ғана емес, сонымен қатар, пайдалануға да уақыт талап етіледі.

Бағдарламада жаңа статистикалық деректерді өндірумен және оларды пайдалану арасында үйлестіру қамтамасыз етілген. Енгізілетін барлық стандарттардың әлеуметтік-экономикалық саясат міндеттерін шешуге тікелей немесе жанама қатысы бар. Бұл негізде әзірленетін және іске асырылатын мемлекеттік әрі салалық бағдарламаларды ақпараттық қолдауды қамтамасыз ететін жылына 6-дан 8-ге дейінгі талдау есептерін әзірлеу көзделген.

Статистикалық деректерді неғұрлым толық, дұрыс және уақытылы пайдалану мақсатында статистикалық деректерді талдау есептері нысанында тарату мемлекеттік статистикадағы жаңа бағыт болып табылады. Бұл жаңа тәсіл статистиканың пайдаланушыларын қанағаттандыруды арттыруға ықпал етеді.

Параграф 4. Деректерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін "Мемлекеттік статистика" бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйе құру

Статистикалық қызмет негізінде деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтитын статистикалық ақпаратты өндіру процесі жатыр. Әрбір технологиялық кезеңнің оларды орындауға арналған стандарттарда сипатталған өз ерекшеліктері бар. Статистикалық деректерді өндірудің күрделі әрі ұзақ процесі статистикада бірыңғай ақпараттық жүйе құруды қиындатады. Сондықтан да осы уақытқа дейін ақпараттық технологияларды енгізу жекелеген кезеңдер мен процестер үшін жүзеге асырылды.

Бұл бағытта қазірдің өзінде бірқатар іс тындырылды. Барлық зерттеулер үшін деректерді енгізу мен өңдеуге арналған бағдарламалық кешендер бар, статистикалық сыныптамалар мен анықтамалықтар электрондық түрде ұсынылған және уақытылы жаңғыртылып отырады, Мемлекеттік статистикалық тіркелім жүргізу үшін ақпараттық жүйелер, деректердің серпінділік қатарларының базалары, статистикалық жарияланымдар базалары және басқалары енгізілген. Қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, деректерді электрондық почтамен облыстық деңгейден республикалық деңгейге, сондай-ақ аудандық деңгейден облыстық деңгейге беру жүзеге асырылады. Статистикалық ақпаратты тарату республикалық және облыстық деңгейлерде Интернет-сайттар арқылы жүзеге асырылады, ал жергілікті желілер шеңберінде Интернет технологияларын пайдалана отырып деректер алмасу қамтамасыз етілген.

Бағдарлама шеңберінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың сапалы аса жоғары деңгейіне көшу басталады. Жекелеген ақпараттық жүйелер "Мемлекеттік статистика" бірыңғай жүйесінің ішкі жүйесіне түрлендіріледі. Деректерді жинау Мемлекеттік статистикалық тіркелім және Әлеуметтік статистика үшін жасалатын тіркелім негізінде үйлестіріледі. Барлық кезеңдер мен процестер үшін сыныптамалар мен анықтамалықтардың жалпы базасы құрылады, бұл оларды пайдалануды оңтайландыруға және жүйе ішінде берілетін ақпараттың көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Жүйе шеңберінде деректерді жинаудың, берудің, өңдеудің, сақтаудың және таратудың толассыз технологиясы

пайдаланылады. Қызмет көрсету жүйелерін Интернет арқылы енгізу жолымен статистиканың пайдаланушылары мен респонденттері үшін сервис кеңейтіледі және жақсартылады.

Барлығы 5 жаңа ақпараттық ішкі жүйе енгізілетін болады, бұл негізінен "Мемлекеттік статистика" бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылымын қалыптастыруды аяқтауға, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды ұлттық статистикалық жүйеге енгізуді жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Параграф 5. БҰҰ-ның ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес техникалық көмек алудан белсенді халықаралық ынтымақтастыққа көшу

Халықаралық ынтымақтастыққа ресми статистиканың негіз қалаушы он қағидатының екеуі арналған. Әрбір ұлттық статистикалық жүйе халықаралық стандарттардың пайдаланушысы ғана болып қоймай, сонымен қатар оларды әзірлеу мен қайта қараудың белсенді қатысушысы болуы тиіс. Статистика саласындағы барлық маңызды мәселелер ұлтаралық жұмыс топтарын құру жолымен алқалы түрде әзірленеді, ал шешімдер оларды барлық мүдделі елдермен кеңінен талқылағаннан кейін ғана қабылданады. Халықаралық деңгейдегі қарым-қатынастар статистикалық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ұлттық статистикалық жүйені реформалау кезеңінде Қазақстан халықаралық ұйымдар есебінен жаңа әдіснамалар мен технологиялар алушы ролін атқарды. Ұлттық жүйенің қалыптасуына қарай соңғы 10 жыл ішінде гранттар мөлшері екі есе азайды. Алайда халықаралық ынтымақтастыққа деген қажеттілік азаймады. Бағдарлама шеңберінде стандарттар жүйесін енгізуге байланысты халықаралық ұйымдармен және серіктес елдермен қарым-қатынастар бұрынғысынан да қажетті болуда.

Қазақстанның статистика саласындағы халықаралық іс-шараларға теңқұқықты қатысуына деген қажеттілік пісіп жетілді. Бағдарламамен халықаралық ұйымдар мен серіктес елдер өкілдерінің қатысуымен екі семинар өткізу көзделді. Семинарларда сыныптамалар жүйесі, тіркелімдер саласындағы қазақстан статистикасының тәжірибесі мен ұсыныстары ұсынылатын болады.

Қазақстан статистика саласындағы ынтымақтастық туралы 8 халықаралық шартқа ие. Осы уақытқа дейін шарттар шеңберіндегі қызмет статистикалық жарияланымдар алмасумен шектеліп келді. Шарттардың тиімділігі тәжірибе алмасу және статистикалық деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету мақсатында кездесулер мен консультациялар жүргізу жолымен арттырылады.

Мұндай іс-шаралардың мәні статистика қажеттіліктерімен шектелмейді, себебі статистика саласындағы серіктес-елдер экономикалық және әлеуметтік салаларда Қазақстанмен тығыз ынтымақтастыққа ие.

Ескерту. 5-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету көрсетілген мақсаттарға жыл сайын бөлінетін қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер шегінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Бағдарламада айтылған шараларды іске асыру үшін республикалық бюджеттен 2006 жылы - 52,4 млн. теңге, 2007 жылы - 52,4 млн. теңге, 2008 жылы - 211,2 млн. теңге бөлінеді.

Бұл ретте республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі тиісті жылдың бюджетін қалыптастыру және нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен жыл сайын нақтыланып отырады.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың негізгі нәтижесі барлық негіз қалаушы халықаралық стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес статистикалық деректерді өндіруді қамтамасыз ететін статистиканың қазіргі заманғы ұлттық статистикалық жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Бұған мынадай нақты нәтижелерге қол жеткізу ықпал етеді:

2006 жылы кәсіпорындарға түсетін статистикалық жүктеме мониторингін енгізу;

2006 - 2008 жылдары енгізілетін барлық халықаралық стандарттар жөніндегі әдіснамалық және әдістемелік база құру мақсатында 16 тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

2006 - 2008 жылдары 14 статистикалық модуль, соның ішінде өндірістің бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіштерінің модулі бойынша жаңа статистикалық көрсеткіштер өндірісін енгізу;

2006 - 2008 жылдары дамытудың мемлекеттік және салалық ұзақ мерзімді бағдарламаларын ақпараттық қолдауға арналған 21 талдау есебін дайындау;

2006 - 2008 жылдары "Статистика 7" және "Статистика 8" достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу (ТАСИС) жобалары, сондай-ақ статистика саласында 8

екіжақты шарттар бойынша іс-шараларды іске асыру;
 2007 - 2008 жылдары екі өндірістік процеске арналған сапа мониторингі жүйелерін енгізу;

2007 - 2008 жылдары "Мемлекеттік статистика" бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру үшін негіз құрайтын 5 ақпараттық жүйе енгізу;

2007 - 2008 жылдары екі халықаралық семинар өткізу;

2008 жылы сыныптаманың жаңа халықаралық жүйесіне сәйкес мемлекеттік статистикалық сыныптамалар жүйесін әзірлеу;

2008 жылы респонденттерге түсетін жүктемені азайтуды қамтамасыз ететін статистикалық деректерді жинаудың жаңа әдіснамасына көшуді аяқтау.

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р\с N №	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1	Статистикалық қызметтің барлық аспектілері бойынша сапаны басқару жүйелерін сатылап енгізу, барабар ұйымдастырушылық және құқықтық негіз құру негізінде статистикалық жүйені үйлестірудің қазіргі заманғы деңгейіне көшу					
1	СА және оның аумақтық органдары арасында штат бөлу ді оңтайландыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СА	2007 жылғы 2 тоқсан		Талап етілмейді
2	Жекелеген өндірістік процестер үшін сапаны басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу	СА бұйрығы	СА	2007 жылғы 3 тоқсан, 2008 жылғы 4 тоқсан	7,0 3,0	Республикалық бюджет
3	Кәсіпорындарға түсетін жүктеменің мониторингін енгізу	СА-ның қызметі туралы есептегі жұртшылыққа арнал-	СА	2006 жылғы 1 тоқсан		Талап етілмейді

		Ғ а н бөлім				
4	2007 жылы СРА халықаралық сыныптамаларының жаңа нұсқаларының бекітілуіне байланысты ЭҚТӨС ұлттық сыныптамаларын қайта қарау	Қазақ-стан Республикасы Мем-стан-дарты-ның қаулысы	СА	2008 жылғы 4 тоқсан		Талап етілмейді
5	Ведомстволық есептілік нысандарының тізбесін оңтайландыру	СА бұй-рықтары	СА , мүдделі мемле-кеттік органдар	2006 жылғы 2 тоқсан, 2007 жылғы 2 тоқсан, 2008 жылғы 2 тоқсан		Талап етілмейді
2	Халықаралық ұйымдар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында әдіснама мен әдістеме әзірлеу және енгізу					
6	Өнімдердің жаңа сыныптамалары мен номенклату-раларын әзірлеу	СА бұйрығы	СА	2007 жылғы 4 тоқсан	2,6	Респуб-ликалық бюджет
7	Статистикалық үйлестіру саласында, соның ішінде сапаны басқару жүйесінде стандарттарды енгізу	СА сай-тындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	4,6 2,6	Респуб-ликалық бюджет
8	Халықты есепке алу стандарт-тарын енгізу, халық тіркелімін қалыптастыру	СА сай-тындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан	2,8	Респуб-ликалық бюджет
9	Еңбек құны зерттеулерін енгізу	СА сай-тындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	1,0 2,4	Респуб-ликалық бюджет
10	Жұмыс уақыты индикаторларын құру үшін Халықаралық	СА сай-тындағы	СА		2,3	

	еңбекті ұйымдастыру өлшемдерін енгізу	ғылыми есеп		2008 жылғы 4 тоқсан		Республикалық бюджет
11	"Біліммен жалпы және таза қамту", "білім барлығы үшін", "өмір бойы оқу" модульдерін енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2007 жылғы 4 тоқсан	2,4	Республикалық бюджет
12	"Орташа тап", "әлеуметтік топтар" және басқа да модульдерді енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	4,8 2,4	Республикалық бюджет
13	Жалпы өңірлік өнімнің тоқсандық есептерін енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан	2,6	Республикалық бюджет
14	"Шығындар шығару" кестелерін қалыптастыру бойынша тұжырымдамалық тәсілдер енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2007 жылғы 4 тоқсан	2,4	Республикалық бюджет
15	Айналымның, қосылған құнның, еңбек өнімділігінің және басқалардың құрылымдық көрсеткіштерін кәсіпорындар, салалар және өңірлер бойынша өндіруді енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	1,4 2,4	Республикалық бюджет
16	Салалар бойынша құрылымдық көрсеткіштермен салыстырылатын физикалық көлем индекстерін өндіруді енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	4,2 2,4	Республикалық бюджет
17	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен)					
18	Көлік саласындағы статистикалық есепке алу әдіснамасын жақсарту	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2007 жылғы 4 тоқсан	2,4	Республикалық бюджет

19	"Электрондық сауда" және "ақпараттық қоғам" модульдерін енгізу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан 2007 жылғы 4 тоқсан	1,6 1,0	Республикалық бюджет
20	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен)					
21	Баға индекстерін қалыптастыру әдіснамасын жақсарту	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2006 жылғы 4 тоқсан, 2007 жылғы 4 тоқсан	1,4 1,4	Республикалық бюджет
21-1	Статистикалық сыныптамаларды аудару	СА бұйрығы	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,6	Республикалық бюджет
21-2	Жұмыс күшін ұстауға жұмсалған ауыспалы шығындарды анықтауға ғылыми тәсілдер әзірлеу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2007 жылғы 4-тоқсан	2,3	Республикалық бюджет
21-3	Бірыңғай ақпараттық статистикалық жүйеге арналған метадеректер жүйесін әзірлеу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,5	Республикалық бюджет
21-4	Макроэкономикалық статистика саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	4,7	Республикалық бюджет
21-5	Әлемдік практикаға сәйкес жасалатын мәмілелер фактілері бойынша экспорттық-импорттық жеткізілімдер бағасын зерттеудің ғылыми негіздерін әзірлеу	СА сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,0	Республикалық бюджет

21-6	<p>Инфляция параметрлерін бағалау саласында ғылыми зерттеу жүргізу: инфляциялық процестердің импорттық құрамдас бөлігі, оны бағалау үшін модельдер құру және оның инфляцияға салымын (әсерін) анықтаудың ғылыми әдістерін қалыптастыру</p>	<p>С А сайтындағы ғылыми есеп</p>	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,0	Респуб-
------	--	-----------------------------------	----	---------------------	-----	---------

						ликалық бюджет
21-7	Қазақстандағы заңсыз қызметті өлшеуге ғылыми-әдістемелік тәсілдер дайындау	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,0	Республикалық бюджет
21-8	Экономиканың ағымдағы дамуын бағалау үшін ғылыми-әдіснамалық тәсілдер әзірлеу және индикатор құру	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,4	Республикалық бюджет
21-9	Үй шаруашылықтары туралы деректерді модельдеу тәсілдерін әзірлеу. Өңірлік (аудандық) деңгейде халықтың кедейлігінің картасын құрастыру	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,7	Республикалық бюджет
21-10	Микроэкономикалық статистика саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, отандық компанияларды дамыту бағдарламалары шеңберінде түрлі сала кәсіпорындарының қызметін есепке алу және талдау үшін ғылыми база әзірлеу	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,8	Республикалық бюджет
21-11	Шағын кәсіпкерлік бойынша ақпараттық ресурстарды дамыту үшін ғылыми база әзірлеу	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	2,0	Республикалық бюджет
21-12	Өмір сүру құнының индексіні құруға ғылыми негізделген тәсілдер әзірлеу	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,5	Республикалық бюджет
21-13	Ақпараттық қоғам статистикасының ғылыми негіздерін қалыптастыру	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,1	Республикалық бюджет
21-14	Материалдық және материалдық емес өндірілмеген активтер құнын бағалауға ғылыми негізделген тәсілдер әзірлеу	С А сайтындағы ғылыми есеп	СА	2008 жылғы 4-тоқсан	3,9	Республикалық бюджет

3	Келесі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту үшін статистикалық ақпаратқа талдау жасауды ұйымдастыруға және талдау жүргізуге жүйелік тәсіл енгізу:					
22	Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.05.05ж. N 450 қаулысымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан, 2008 жылғы 20 ақпан	1,7 2,0	Республикалық бюджет
23	Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.10.04 ж. N 1459 қаулысымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан 2008 жылғы 20 ақпан	0,5 3,0	Республикалық бюджет
24	Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.11.04 ж. N 1241 қаулысымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан	1,4	Республикалық бюджет
25	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен)					
	Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін					

26	<p>дамытудың 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.03 ж. N 1351 қаулысымен бекітілген</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері</p>	<p>СА</p>	<p>2007 жылғы 20 ақпан</p>	<p>1,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>
27	<p>Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесінде дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.10.04 ж. N 1077 қаулысымен бекітілген</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері</p>	<p>СА</p>	<p>2008 жылғы 20 ақпан</p>	<p>2,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>
28	<p>Қоршаған ортаны қорғаудың 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.12.04 ж. N 960 қаулысымен бекітілген</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері</p>	<p>СА</p>	<p>2008 жылғы 20 ақпан</p>	<p>2,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>

29

Қазақстан
Республикасында
тұрғын үй
құрылысын
дамытудың 2005
- 2007 жылдарға
арналған
мемлекеттік
бағдарламасы
Қазақстан
Республикасы
Үкіметінің
11.06.04 ж.
N 1388
қаулысымен
бекітілген

Қазақ-
стан
Респуб-
лика-
сының
Үкі-
метіне
талдау
есеп-
тері

СА

2007 жылғы
20
ақпан,
2008
жылғы
20
ақпан

1,6

2,0

Респуб-

						ликалық бюджет
30	Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.01.05 ж. N 68 қаулысымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан, 2008 жылғы 20 ақпан	0,6 2,0	Республикалық бюджет
31	Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясы Қазақстан Республикасы Президентінің 17.05.03 ж. N 1096 Жарлығымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан, 2008 жылғы 20 ақпан	3,4 2,0	Республикалық бюджет
32	Электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 09.04.99 ж. N 384 қаулысымен бекітілген	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан	0,3	Республикалық бюджет

33	Өзге де мемлекеттік және ведомстволық бағдарламалар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне талдау есептері	СА	2007 жылғы 20 ақпан, 2008 жылғы 20 ақпан, 2009 жылғы 20 ақпан	17,5 6,5 14,8	Респуб-
----	---	---	----	---	---------------------	---------

						ликалық бюджет
4	Деректерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін "Мемлекеттік статистика" бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйе құру					
34	"Электрондық статистикалық есептілік" ақпараттық кіші жүйесін әзірлеу және енгізу	С А бұйрығы	СА, АБА	2008 жылғы 4 тоқсан	28,6	Республикалық бюджет
35	"Сыныптамалар мен стандарттар" ақпараттық кіші жүйесін әзірлеу және енгізу	С А бұйрығы	СА, АБА	2008 жылғы 4 тоқсан	20,0	Республикалық бюджет
36	"Бастапқы статистикалық ақпарат қоймасы" ақпараттық кіші жүйесін әзірлеу және енгізу	С А бұйрығы	СА, АБА	2008 жылғы 4 тоқсан	45,5	Республикалық бюджет
38	"Әлеуметтік статистикаға арналған тіркелім" ақпараттық кіші жүйесін әзірлеу және енгізу	СА бұйрығы	СА, АБА	2008 жылғы 4 тоқсан	17,5	Республикалық бюджет
39	СА-ның және оның аумақтық бөлімшелерінің статистикалық және талдау ақпаратын бірыңғай Интернет-портал арқылы таратудың ақпараттық кіші жүйесін әзірлеу және енгізу	СА бұйрығы	СА, АБА	2008 жылғы 4 тоқсан	36,1	Республикалық бюджет
5	БҰҰ-ның ресми статистикасының негізгі қағидаттарына сәйкес техникалық көмек арудан белсенді халықаралық ынтымақтастыққа көшу					
40	"Статистика 8" достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу (ТАСИС) бағдарламасы бойынша халықаралық ынтымақтастық	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан	71,7 (450,0 мың ЕУРО)	Еуростат
41	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен)					
42	Халықаралық семинарлар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан, 2009 жылғы 20 ақпан	0,3 2,1	Республикалық бюджет

42.1	Халықаралық сыныптамалардың жаңа жүйесіне көшу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2009 жылғы 20 ақпан	1,05	Республикалық бюджет
42.2	Қазіргі заманғы статистикалық жүйелердің негізі ретіндегі бизнес тіркелімдер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан	1,05	Республикалық бюджет
42.3	(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен)					
43	Халықаралық семинарларға, конференцияларға қатысу, жасалған халықаралық шарттар шеңберіндегі ынтымақтасу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан	2,2	Республикалық бюджет
43.1	Еуропа статистиктерінің және оның жұмыс топтарының конференциясына қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан	2,0	Республикалық бюджет
43.2	Статистикалық байқаулар шеңбері бойынша Дөңгелек үстел жұмысына қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СА	2008 жылғы 20 ақпан	0,2	Республикалық бюджет
6	Статистиканың басқа да салаларына халықаралық стандарттарды енгізу					
44	Халықаралық валюта қорының төлем теңгерімі жөніндегі басшылыққа сәйкес төлем теңгерімі бойынша	СА бұйрығы	ҰБ (келісім бойынша)	2008 жылғы 4 тоқсан		ҰБ

	статистикалық зерттеулердің жаңа жүйесін құру				
45	Қаржы секторына шолу жасау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және жинақтаушы зейнетақы қорлары бойынша ведомстволық статистикалық есептілік нысандарын әзірлеу	СА бұйрығы	Ұ Б (келісім бойынша)	2006 жылғы 2 тоқсан, 2007 жылғы 2 тоқсан	ҰБ
46	Қаржы секторына шолу жасау үшін қаржы ұйымдары бойынша ведомстволық статистикалық есептілік нысандарын әзірлеу	СА бұйрығы	Ұ Б (келісім бойынша)	2008 жылғы 2 тоқсан	ҰБ
47	Қаржы активтері мен пассивтерінің ағыны бойынша ведомстволық статистикалық есептілік нысандарын әзірлеу	СА бұйрығы	ӨҰБ (келісім бойынша)	2008 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді
48	Статистикалық деректерді бақылаудың жаңа нысандарын қолдана отырып, сыртқы саудадағы тауарларды есепке алудың әдіснамасын жақсарту	СА бұйрығы	Қаржы-мині, Ұ Б (келісім бойынша)	2007 жылғы 4 тоқсан	Талап етілмейді
49	Әкелінетін/әкетілетін тауарларға	Қазақстан Республикасының	Қаржы-мині	2007 жылғы 4 тоқсан, 2008	Талап етілмейді

орташа бағаның анықтамалығын әзірлеу	Үкіметіне ақпарат	жылғы 4 тоқсан		
Жиыны:			316,0	Республикалық бюджет Еуростат
			71,7	
соның ішінде:				
2006			52,4	Республикалық бюджет
2007			52,4	Республикалық бюджет
			71,7 (450,0 мың ЕУРО)	Еуростат
2008			211,2	Республикалық бюджет Еуростат

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.04 N 918 Қаулысымен.

Ескерту:

- СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі;
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі;
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы;
ЕО - Еуропалық Одақ;
ТАСИС - Достастық елдеріне техникалық жәрдемдесу;
ЭҚЖС - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы;
ЭҚТӨС - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер сыныптауышы;
ХЕҰ - Халықаралық еңбек ұйымы;
ХВҚ - Халықаралық валюта қоры;
ДСҰ - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы;
ЕЖ - Ұлттық есеп жүйесі;
СЭҚТН - Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы;
NACE - Statistical Classification of Economic Activities in the European

C o m m u n i t y ;
CPA - Statistical Classification of Products by Activities in the European
Economic Community;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК